


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ · НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ · SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(8)2024



ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙЛЕРІ: КӨРСЕТКІШТЕР МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРДЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

Н. Жолбарыс¹, Б. Қалнияз², Д. Жайлыбаев

¹ҚР Мемлекеттік орталық музейі

² ҚР Ұлттық музейі

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан музейлерінің даму көрсеткіштерін анықтауға арналған мониторинг жұмыстарының қорытындылары ұсынылған. Мониторинг жұмысы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Қазақстан музейлерін дамытуды үйлестіру-әдістемелік орталығында 2022-2023 жылдары жүргізілген. Авторлар ұжымы Қазақстандағы музей жұмысының негізгі бағыттары бойынша сауалнама жүргізіп, саланың дамуы мен проблемаларына қатысты деректерді келтірген. Атап айтқанда, музейлердің бейініне қарай бөлу, қор сақтау жұмысы мен музей заттарын реставрациялау, музейдегі ғылыми-зерттеу жұмысының көрсеткіштері, кадрдың әлеуметтік құрамы, цифрландыру мен интернет ресурстарды игерудегі оң шешімдер, мәдени-білім жұмысындағы жетістіктер, көрме және рэкспозиция жұмыстарындағы проблемалар және олардың шешу жолдары туралы ұсыныстар қарастырылған.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақалаға 2022-2023 жылдары Қазақстан музейлерінен жинақталған мониторинг құжаттары, ҚР Ұлттық статистика бюросының салалық көрсеткіштер бойынша жариялаған қорытындылары арқау болды. Жоғары оқу орындарының музейлері мен мектеп музейлері, мекемелер мен ұйымдардың ішінен ашылған, бірақ дербес музей ретінде қызмет етпейтін музейлер (корпоративтік музейлер) бұл тізімге енгізілмеді. Яғни музей статусымен дербес мекеме ретінде қызмет ететін мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар көрсеткіштерді анықтау үшін таңдап алынды. Зерттеу барысында сауалнама жүргізу, сауалнама қорытындыларына анализ жасау, тарихи-салыстыру әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Қазақстан музейлері, музей ісі, музейлер бейіні, музей экспозициясы, қор сақтау, мәдени-білім беру, экскурсия, музей педагогикасы.

Сілтеме жасау үшін: Жолбарыс Н., Қалнияз Б., Жайлыбаев Д. Қазақстанның мемлекеттік музейлері: көрсеткіштер мен негізгі бағыттарды дамытуға арналған ұсыныстар // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), 94-111 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.12

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ МУЗЕИ КАЗАХСТАНА: ПОКАЗАТЕЛИ И РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗВИТИЮ ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ

Н. Жолбарыс¹, Б. Калнияз², Д. Жайлыбаев

¹Центральный государственный музей РК

² Национальный музей РК

Аннотация. В статье представлены результаты мониторинговой работы по определению показателей развития музеев Казахстана. Мониторинговая работа проводилась в 2022-2023 годах Координационно-методическим центром развития музеев Казахстана Национального музея Республики Казахстан. Коллектив авторов провел исследование основных направлений музейной работы в Казахстане и представил данные, связанные с развитием и проблемами в этой сфере. В частности, по вопросам определения направлений музеев, работы по хранению и реставрации музейных предметов, показателей музейной научно-исследовательской и культурно-образовательной работы, социального состава сотрудников, проблем развития музейной цифровизации и интернет-ресурсов, рассмотрены проблемы выставочной и рэкспозиционной деятельности, а также даны рекомендации по решению вышеназванных вопросов.

Материалы и методы. Статья написана на основе мониторинговых документов, собранных в музеях Казахстана в 2022-2023 гг., а также заключений, опубликованных Национальным бюро статистики РК по отраслевым показателям. В этот перечень не вошли музеи высших учебных заведений и школьные музеи, музеи, открытые при учреждениях и организациях, но не функционирующие как самостоятельные музеи (корпоративные музеи). Таким образом, для определения показателей были выбраны государственные учреждения и организации, являющиеся самостоятельными учреждениями со статусом музеев. В ходе исследования использовались методы проведения опроса, анализа результатов опроса и исторического сравнения.

Ключевые слова: музеи Казахстана, музейное дело, профиль музея, музейная экспозиция, фонды музея, культурно-образовательная деятельность, экскурсия, музейная педагогика.

Для цитирования: Жолбарыс Н., Калныз Б., Жайлыбаев Д. Государственные музеи Казахстана: показатели и рекомендации по развитию основных направлений // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), с. 94-111. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.12

STATE MUSEUMS OF KAZAKHSTAN: INDICATORS AND RECOMMENDATIONS FOR THE DEVELOPMENT OF MAIN DIRECTIONS

N. Zholbarys¹, B. Kalnyaz², D. Zhailybayev

¹ The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan

² The National Museum of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article presents the results of monitoring work on measuring the indicators of the development of museums in Kazakhstan. Monitoring work was carried out in 2022-2023 within the Coordination and Methodological Center for the Development of Museums of Kazakhstan, Museum of the Republic of Kazakhstan. The team of authors conducted a study of the main results of museum work in Kazakhstan and national data related to the development and problems in this area. In particular, recommendations are given on the issues of defining museums, work on the storage and restoration of museum items, indicators of museum research and cultural and educational work, authoritative composition of management, problems of developing museum digitalization and Internet resources, considering the problems of exhibition and re-exposition activities, and on solving the above issues.

Materials and methods. The article is written on the basis of monitoring documents collected in museums of Kazakhstan in 2022-2023, as well as conclusions published by the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan on industry indicators. This list does not include museums of higher educational institutions and school museums, museums opened at institutions and organizations, but not functioning as independent museums (corporate museums). Thus, these institutions and organizations were selected to determine the indicators, which led to independent institutions with the status of museums. The study used the methods of conducting a survey, analyzing the survey results and comparative analysis.

Keywords: museums of Kazakhstan, museum business, museum image, museum exposition, collection protection, cultural and educational activities, excursion, museum pedagogy.

For citation: Zholbarys N., Kalnyaz B., Zhailybayev D. State museums of Kazakhstan: indicators and recommendations for the development of main directions // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), pp. 94-111. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.12

Кіріспе. Қазақстан музейлерінің даму көрсеткіштері туралы мәліметтер соңғы 20 жылдың ішінде екі рет топтастырылып, кеңінен зерттелгені туралы дерек бар. Оның алғашқысы 2005-2007 жылдары «Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы, даму

тендециялары, проблемалары» деген атаумен жүргізілген. Музейтанушы ғалымдар бұл зерттеу жұмысының қорытындылары еш жерде жарияланбағанын айтады [Файзуллина, 2020: 132]. Араға жыл салып, 2008 жылы Б.Қ. Қожахметов, Г.М. Сафарова, Э.Р. Усманова тәрізді зерттеушілер «Музеи Казахстана в XXI веке. Анализ ситуации» тақырыбында республикалық деңгейде зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижесі Челябинск облыстық тарихи-өлкетану музейінің дәстүрлі «Гороховские чтения» (Ресей Федерациясы) ғылыми конференциясының жинағында жарияланған [Қожахметов және т.б.: 2010: 95-128]. Үш кезеңнен тұратын зерттеу жұмысы кезінде авторлық ұжым Қазақстандағы 67 музейді қамтыған. Зерттеу кезеңінде Қазақстанда 198 музей болғанын ескерсек, қалған 131 музей зерттеу жұмысы кезінде қамтылмағанын байқауға болады [ҚР ҰСБ, 2008: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/>; 20.12.2024]. Осы зерттеу жұмысынан кейін Қазақстан музей ісінің дамуы туралы іргелі зерттеулер жүргізілмеді. Көп жағдайда ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері шегіндегі деректер ғана жарияланып келді. ҚР Ұлттық статистика бюросы жыл сайын музей саны, қор саны, көрмелер саны, келушілердің есебі тәрізді деректерді жариялайды [ҚР ҰСБ, 2024: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/>; 20.12.2024]. Бюроның жыл сайынғы қорытынды есебінде сандық көрсеткіштер белгілі болғанымен, көрсеткіштердің мазмұны қосымша зерттеуді қажет ететін.

Осыған орай Қазақстан музейлерінің соңғы жылдардағы көрсеткіштері туралы анықтама дайындау үшін ҚР Ұлттық музейінің Қазақстан музейлерін дамытуды үйлестіру-әдістемелік орталығы 2022-2023 жылдары Қазақстандағы музейлердің қызметіне мониторинг жүргізді.

Талқылау. Қазақстан музей ісінің тарихы Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің 1828 жылы өз ордасынан Қару-жарақ палатасын ашудан басталады [Кутушева, 2024: <https://kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2353-zha-gir-khanny-karu-zharak-palatasy>; 14.12.2024]. Жәңгір хан қазақ халқының этнографиялық бұйымдары мен қару-жарақтардың коллекциясынан көрме-экспозиция залын ашып, ордасына келген қонақтарға әңгімелеп көрсететіні туралы тарихи деректерден белгілі болып отыр [Ибраева, 2012: 93]. Арада аз ғана уақыт өткізіп Орал, Семей, Жетісу, Орынборда тарихи-өлкетану музейлері жұмыс істеді. Революциядан кейінгі алғашқы онжылдықта қазақ жерінде 9 музей жұмыс істесе, 1941 жылы жылы 24 музей, 1970 жылы 29 музей, 1980 жылдары 81 музей, 1990 жылы 89 музей халыққа қызмет етті [Ибраева, 2012: 123-198].

Қазақстанда музейлердің көптеп ашылуы елдің тәуелсіздік алуымен байланысты. Тәуелсіздік алған уақыттан бергі 33 жылдың ішінде Қазақстанда 200-дей музей ашылды. Ширек ғасырдан сәл ғана асатын уақытта музейлердің мұнша көптеп ашылуына қазақ халқының тарихи санасының жаңғыруы, тарихи оқиғаларға шынайы баға берілуі, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған тарихи тұлғалардың ақталуы тәрізді бірнеше жағдайлар себеп болды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы үш онжылдықта «Мәдениетті қолдау жылы», «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық», «Рухани жаңғыру» тәрізді бағдарламалар жүзеге асырылды. Тарихи тұлғалар мен оқиғалардың мерейтойлары да кеңінен аталып өтілді. Мемлекеттегі осындай ауқымды шаралар аясында жаңа музейлер ашу жоспардан тыс қалған жоқ. Нәтижесі 1991-2023 жылдар арасында 200-дей музей ашылуына себепші болды.

Қазақстан музейлерінің әр кезеңдегі дамуы туралы деректерді А.Е. Қайназарова, С.Т. Тайман, А.Ф. Ибраева, Ғ.Ш. Файзуллина, С.А. Асанова, Е.А. Джасыбаев тәрізді авторлардың еңбектерінен кездестіреміз.

А.Е. Қайназарованың тарих ғылымдарының кандидаттығы үшін қорғаған диссертациясында Қазақстандағы музей ісінің 1831-1925 жылдардағы даму үрдісі кеңінен сипатталып, советтік Қазақстанның музейлер ашудағы тәжірибесі қамтылды [Қайназарова, 1995: 24]. С.Т. Тайманның тарих ғылымдарының кандидаттығы үшін қорғаған диссертациясы 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның республикалық музейлерінің

дамуына арналды [Тайман, 1999: 28]. Музей ісінің тарихы туралы А.Ғ. Ибраеваның «Қазақстан музейлері: тарих пен тағылым» атты монографиясын көлемді еңбек ретінде қарастыруға болады [Ибраева, 2012: 535]. Ал Ғ.Ш. Файзуллина, С.А. Асанова, Е.А. Джасыбаев тәрізді авторлар шығарған «Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения» атты мақалалар жинағында Қазақстанның музей ісіндегі тәжірибелер барынша қамтылған [Файзуллина және т.б., 2012: 308]. Ғ.Ш. Файзуллина мен С.А. Асанованың авторлық ұжымда шығарған «Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики» атты монографиясы Қазақстандағы музей ісінің даму эволюциясын кеңінен сипаттап, архивтік құжаттардың көшірмелерін көпшілік назарына ұсынды [Файзуллина, Асанова, 2022: 344]. Аталған еңбектермен қатар музейлердің тарихы, экспозициясы мен қоры, өзге де түрлі бағыттағы тәжірибелеріне арналған тақырыптарда бірнеше авторлардың мақалалары жарыққа шығып тұрады. Бұл еңбектер ҚР Ұлттық музейі, ҚР Мемлекеттік орталық музейі, Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі мен облыстық тарихи-өлкетану музейлері, әдеби-мемориалдық немесе өнер музейлері ұйымдастыратын конференциялар мен форумдардың жинақтарында жарияланады.

Отандық музей ісінің даму тарихын жазу үшін белгілі бір кезеңдерге жүргізілетін мониторинг жұмыстарының маңызы өте зор. Әдетте мониторинг жұмыстары статистикалық деректерді топтастырып, өзекті проблемаларды анықтап, белгілі бір саланың даму жолына талдау жасауға мүмкіндік береді.

Музейлердің бағыныстылығына қарай бөлінісі. Мемлекеттік органдар арқылы жүргізілген мониторинг сауалнамасы нәтижесінде Қазақстанда 297 мемлекеттік музей бар екені белгілі болды. Мемлекеттік музейлер орталық атқарушы немесе жергілікті атқарушы органдарға бағынысты. Отандық музей ісінің тәжірибесінде орталық атқарушы органдарға бағынысты музейлерді республикалық, жергілікті атқарушы органдарға бағынысты музейлерді облыстық немесе қалалық, аудандық, ауылдық деп қарастырады. Бағыныстылығына қарай анықтағанда 297 музейдің 19 республикалық (республикалық 19 музейдің 14 музей-бөлімшесі бар), 264 музей жергілікті атқарушы органдарға қарасты (облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық) екені анықталды.

Қазақстанда 2024 жылдан бастап музейлерге «ұлттық» статус беру қолға алынды. ҚР Президентінің Жарлығы негізінде берілетін бұл статусты алу үшін музейлер арнайы талаптарға сай болуы тиіс. Ол талаптардың қатарында кемінде жиырма бес жыл тұрақты және тиімді қызметті жүзеге асыру, өз қызметінде кәсіпқойлықты, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін инновациялар енгізу, жеке тұрған ғимаратының болуы, халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысу, музей қорының құрамында ұлттық мәдени игілік болып табылатын мәдени құндылықтардың кемінде он пайызы бар болуы тәрізді талаптар бар [«Әділет» базасы, 2011: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000076>: 16.12.2024].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 21 мамырда Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай өткізген кездесуінде 3 ірі музейге – ҚР Ұлттық музейіне, ҚР Мемлекеттік Орталық музейіне, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер музейіне «ұлттық» статус беруді тапсырды [Сейсембек, 2024: <https://informburo.kz/novosti/kakie-muzei-kazaxstana-polucat-status-nacionalnyx>: 17.12.2024]. Бұл уақытқа дейін «Әзірет-Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығына «ұлттық» статусы берілген.

Қазақстанда музейлерді басқаруды оңтайландыру, қаржы-шаруашылық ресурстарын тиімді басқару үшін бір орталыққа біріктіру ісі әр кезеңде жүріп отырды. Оңтайландырудың нәтижесінде облыстық тарихи-өлкетану музейлері «бас музей» ретінде қарастырылып, аудан-ауылдардағы музейлер филиал немесе бөлім ретінде жұмыс істеп келеді. Атап айтатын болсақ, Батыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Түркістан, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Абай және т.б облыстардағы облыстық тарихи-өлкетану музейлері «бас музей» болып саналады. Ұйымдастыру-құқықтық нысанының бір түрі ретінде музейлер үшін дирекциялар, бірлестіктер құру тәжірибесі де елімізде кеңінен кездеседі. Астана, Алматы және Шымкент қалаларының тәжірибесі осыған мысал бола

алады. Республикалық дәрежесі бар осы үш қаладағы музейлер бірлестігіне немесе дирекциясына бірнеше музей бағынысты. Сауалнама нәтижесіне қарасақ, 297 музейдің 163-і мемлекеттік музей мекемесі ретінде тіркелген. Ал 99 музей филиал, 35 музей музейлердің құрылымдық бөлімі ретінде жұмыс істейді.

Музейлердің бейініне қарай көрсеткіші. Мониторинг сауалнамасы нәтижесінде музейлер бейініне қарай топтастырылды. Музеологияда музейлерді бейініне қарай бөлудің бірнеше үлгісі бар. Музейтанушы-ғалымдар – Т.Ю. Юренова, Л.М. Шляхтина, А.Д. Тельчаров, М.Е. Каулен тәрізді авторлар музейлерді бейініне қарай бөлудің түрлі нұсқасын атап көрсетеді. Бірақ ол нұсқалар бір-бірінен аса көп ерекшелене қоймайды. Музейтанушы-ғалым О.С. Сапанжа аталған ғалымдар ұсынған нұсқаларды талдай отырып, музейлерді бейініне қарай бөлудің біріздендірілмегенін айтады [Сапанжа, 2012: 3-12]. Ал профессор Б.А. Столяров «музейді классификациялау жүйесі әлеуметтік-мәдени жағдайларға және музейдің даму қарқынына байланысты» деп пікір білдіреді [Столяров, 2007: 85]. Музейтанушы-ғалымдардың еңбектерінде музейлерді бейініне қарай бөлу жұмысы әрқелкі екенін ескере отырып, Б.А. Столяровтың пікірімен келісуге болады. Жоғарыда аталған авторлардың еңбектері мен пікірін басшылыққа алып, осы мақаланың авторлар ұжымы Қазақстан музейлерін бейініне қарай бөлудің үлгісі төмендейтіндей болуы керек деген қорытындыға келді және сол бейінге сәйкес келетін музейлер санын кесте түрінде ұсынады:

№	Музей бейіндері	Саны	Ескерту
1	Әдеби-мемориалдық	27	
2	Бейнелеу өнері	12	
3	Тарихи-өлкетану	135	
4	Тарихи-мемориалдық	62	
5	Тарихи-мәдени	12	ашық аспанасты музейлері, музей-қорықтар
6	Әдеби-өнер	2	
7	Тарихи-этнографиялық	6	
8	Өнер (жалпы)	7	Өнердің бірнеше тақырыбын қамтитын музейлер
9	Әскери-тарихи	6	
10	Жаратылыстану	4	
11	Архитектуралық	3	
12	Археологиялық-этнографиялық	3	
13	Музыка өнері	4	
14	Фотосурет өнері	1	
15	Тарихи-өндірістік	4	
16	Спорт тарихы	1	
17	Археологиялық	1	
18	Тарихи	6	
19	Тарихи-археологиялық	1	
	БАРЛЫҒЫ	297	

Осы тұста ескеретін жайт, музейлерді бейіні бойынша бөлгенде отандық музей ісінде «мемориалдық музейлер бейіні» дегенді жиі кездестіреміз. Сауалнама жауаптарын алғашқы өңдеу жұмыстары кезінде де музейлерден келген жауаптардың арасында музей бейінін «мемориалдық» деп көрсететіндері жиі кездесті. Музейтанушы ғалымдар мемориалдық музей деп музейдің бейінін емес, бірнеше музейдің тобын қарастырады [Юренова, 2020: 272]. Осыған байланысты бейінін «мемориалдық» деп көрсеткен музейлер

жоғарыда атап өткен музейтанушы-ғалымдардың ұсынған нұсқаларына қарай қайта бөлініп қарастырылды.


Қор сақтау жұмысы: қор саны, қор сақтау орындары. Музей қоры – музейдің басты байлығы. Тарихи сабақтастықты ұштастыратын, адамзаттың өткені туралы мол ақпарат беретін, ғалымдардың негізгі зерттеу нысанына айналған музей қоры – мемлекет пен қоғамның игілігі. Қазақстан музейлері бүгінгі күні 4 млн-нан асатын қор бірлігіне ие. Мемлекеттік музейлердің қорлары мемлекеттік сатып алу немесе сыйға алу, сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстары мен этнографиялық экспедициялардың нәтижесінде жинақталады. Осының нәтижесінде Қазақстандағы музейлердің қоры қарқынды түрде өсіп келеді.

Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек (Сурет 1), еліміздегі 297 музейде 4 миллион 57 мың 825 музей заты бар. Оның ішінде 2 миллион 498 мың 909 музей заты негізгі қорға, 1 миллион 488 мың 165 музей заты ғылыми-көмекші қорға, 70 мың 751 музей заты уақытша қорға жатады. Орта есеппен алғанда, Қазақстанның музей қоры жыл сайын шамамен 1%-ке артып отырады. Мысалы, 2023 жылы музейлердің қорына 49 мың 399 зат қабылданған.



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері

Музей қоры бойынша ең көп музей заттары ҚР Мемлекеттік орталық музейі мен ҚР Ұлттық музейлерінде сақталған. ҚР МОМ қорында 273 мыңнан асатын музей заты болса, ҚР ҰМ қорындағы музей заттары 223 мыңнан асады (Сурет 2).



Сурет 2. Жалпы қор саны

Музейдің қор сақтау жұмысында қор сақтауға арналған арнайы қор сақтау бөлмелерінің (орындарының) болуы маңызды. Осыны негізге ала отырып сауалнамада қойылған сұраққа еліміздегі 91 музей арнайы қор сақтау бөлмелерінің бар екенін және олардың музейлік талаптарға сай екенін көрсеткен. Ал 171 музейдің қор сақтау бөлмелері қайта лайықталған бөлмелерді пайдаланатынын атаған. Кейбір музейлерде мұндай мүмкіндік болмай, 23 музейде қор сақтауға арналған орын басты проблема екені анықталды.

Елдегі музейлердің қор сақтау орындарының жалпы саны 417 болып отыр. Оның басым бөлігі ірі музейлерге тиесілі. Қор сақтауға арналған арнайы орындары бар музейлердің қатарында ҚР Ұлттық музейі (36 қор сақтау орны), Ә.Қастеев атындағы Өнер музейі (16 қор сақтау орны), ҚР Әскери-тарихи музейі (9 қор сақтау орны), ҚР Мемлекеттік орталық музейі (20 қор сақтау орны) сияқты ірі музейлерді атап өтуге болады.

Қор сақтау орындарын күрделі проблема ретінде Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының музейлері көрсеткен. Аталған облыстарда заманауи қор сақтау бөлмелерін жасақтау кезек күттірмес мәселе болуы тиіс.

Қор сақтау жұмысы: Музей коллекцияларына шолу. Қазақстан музейлерінің қоры коллекцияларға өте бай. Сауалнама нәтижесінде 297 музейде 830 коллекция бар екені анықталды. Оның ішінде атап өтетін болсақ, ең ірі коллекциялар жиынтығы ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қорында сақтаулы. Атап айтсақ: «Палеонтология», «Археология», «Антропология», «Геология», «Нумизматика (тиындар)», «Нумизматика (бонистика)», «Бағалы металдар», «Кілем-киіз бұйымдары», «Тоқыма бұйымдар», «Сирек кітаптар мен қолжазбалар», «Қару-жарак», «Музыкалық аспаптар», «Киімдер», «Бейнелеу өнері», «Мүсіндер», «Фарфор және керамика», «Фотоқұжаттар», «Аралас бұйымдар», «Филокартия», «Лотерея билеттері», «Маркалар», «Вексиллология», «Фалеристика», «Флора және фауна», «Ахмет және Ғазиза Жұбановтар коллекциясы» тәрізді тарихи құндылығы жоғары коллекциялар бар.

Ал Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Археология», «Нумизматика», «Асыл металдар», «Кітап, жазба деректер мен ақпарат», «Металл», «Киім және кесте», «Шыны», «Ағаш», «Фарфор, фаянс», «Фотоқұжаттар», «Бейнелеу өнері», «Бағалы металдар», «Кілем-киіз бұйымдары» тәрізді коллекциялар сақтаулы.

Облыстардағы музейлердің ішінен алып қарасақ, ірі музейлік коллекциялар қоры Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, Жетісу облысындағы Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы Тарихи-өлкетану музейінде кездеседі. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі коллекциясында бағалы металдар, археология, жазба деректер көзі, нумизматика, металл бұйымдар, фарфор, шыны, фаянс, ағаш бұйымдар, қару-жарақтар, ат әбзелдері және тері бұйымдары, кітаптар, киімдер және кесте, кілем-киіз бұйымдары, бейнелеу өнері, аудио-видео материалдарға арналған коллекциялар бар. Жетісу облысындағы Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі «Сағаттар», «Төсбелгілер», «Пошта маркалары», «Үтіктер», «Тігін машиналары», «Жазу машиналары», «Жіп иіру құралдары», «Самаурындар» тәрізді коллекциясымен мақтана алады. Еліміздегі басқа да облыстық тарихи-өлкетану музейлерде осы тектес коллекциялар қоры шоғырланған.

Өнер бағытындағы ең ірі коллекция ҚР Мемлекеттік Әбілхан Қастеев атындағы Өнер музейінде сақтаулы. Аталған музейде «Қазақстан кескіндемесі», «Шетелдік кескіндеме», «Қазақстан графикасы», «Шетелдік графика», «Мүсін», «Қазақстанның ежелгі өнері», «Қазақстандық сәндік-қолданбалы өнері», «Шетелдік сәндік-қолданбалы өнер коллекциясы» жинақталған.

Абай облысындағы Невзоровтар отбасы атындағы облыстық бейнелеу өнері музейінде де Қазақстан бейнелеу өнері мен шетел бейнелеу өнерінің коллекциялары бар.

Әдеби-мемориалдық бейіндегі Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығындағы коллекция саны – 4. Бұл музейде

«Абай оқыған медресе кітаптары», «Қолжазбалар», «Араб графикасындағы кітаптар», «Бейнелеу өнері туындылары» коллекциясы сақтаулы.

Музей-қорықтардың ішінде «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы коллекцияларды екі топқа бөліп қарастыратыны анықталды. Атап айтсақ, I топ: «Қыш», «Шыны, сүйек», «Тас», «Металл», ал II топта «Нумизматика» коллекциясы.

Қазақстанның өзге музей-қорықтарындағы коллекцияларда археология, этнография, қолжазбалар, нумизматикалық музей заттары басым екені байқалады. Атап айтқанда, «Әзірет-Сұлтан», «Отырар», «Есік», «Ұлытау», «Сарайшық» тәрізді музей-қорықтардың коллекциялары негізінен осы бағыттағы музей заттарынан тұрады.

Ұлттық мәдени игілік объектілерін мемлекеттік тізілімге енгізу және Мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу жұмыстары

Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімі бойынша:

2023 жылғы көрсеткіш бойынша Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне 67 мың 981 музей заты енгізілген.

Мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу бойынша:

2023 жылғы көрсеткіш бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогына 169 138 музей заты енгізілген.

Көрме-экспозиция қызметі: көрме жұмысы. Көрме-экспозициялық жұмыстар – музей қызметіндегі негізгі бағыттың бірі. Қазақстан музейлерінде өткізілетін көрмелер қамту деңгейлері бойынша халықаралық, республикалық, жергілікті болып бөлінеді. ҚР Ұлттық статистика бюросының 2024 жылы 2023 жыл үшін жариялаған мәліметінде еліміздегі музейлерде 2023 жылы 8410 көрме өткізілгені туралы мәлімет келтіріледі [ҚР ҰСБ, 2024: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/>; 20.12.2024]. Бұл көрсеткіш COVID-2019 пандемиясына дейін 10 мыңның шамасында болды. Пандемияға байланысты 2019 және 2020 жылдары бұл көрсеткіш күрт азайып, музейлер виртуалды көрмелер өткізуге көшкен. 2022 жылдан бері көрмелер саны көбейген, мәселен, 2023 жылы 7716 көрме өтсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 8410 болып, тағы 694 көрмемен толыққан.

Көрмелердің ішінде 70 халықаралық көрме (оның ішінде 19-ы шетелде өткен), 169 республикалық деңгейдегі көрме, 543 аймақаралық көрме (облыстар арасында немесе облыстардың ішіндегі аудан-қалалар арасында) өткен. Өзге көрсеткіштер музейлердің ішінде өткен көрмелерге тиесілі.

Отандық музейлердің 2023 жылы халықаралық деңгейде өткізген көрмелерінің қатарында ҚР Мемлекеттік орталық музейі Әзірбайжанның Ұлттық кілем музейінде ұйымдастырған «Өрнекпен өрілген өмір» көрмесі (кураторы – Р. Харипова), Алматы қаласы музейлері бірлестігі Италияның Неаполь қаласында өткізген «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгіні» көрмесі (кураторы – Л. Сағындықова), Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі өткізген «Цифрлық күз: Қатысу» көрмесі (кураторы – А. Хайдарова), ҚР Ұлттық музейінде өткен «Италиялық ренессанс – мәңгілік сұлулық» цифрлық көрмесі тәрізді ірі көрмелер бар.

Республикалық және аймақаралық, жергілікті деңгейде өтетін көрмелер музейлердің қоры мен жеке коллекционерлердің жинағынан өткізіледі. Көрме тақырыптары негізінен археология, этнография, бейнелеу өнері, ескерткіштер тарихы мен діни тақырыптарға арналған. Соңғы уақытта облыстар арасындағы музейлік байланыстың қарқынды дамуы себебінен өңірлердің бір-бірінің мәдени құндылықтарымен танысуына мүмкіндік туып отыр.

Облыстар арасында бір жылдың ішінде көрме өткізу жағынан Ақтөбе (898 көрме), Қостанай (814 көрме), Түркістан (808 көрме), Қызылорда (747 көрме), Қарағанды (694 көрме) облыстары алдыңғы қатардан көрінді.

Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 2023 жылы музейлердің көрме өткізу кезінде өзге музейлердің қорын уақытша пайдалану тәжірибесі арқылы өткізген көрмелерінің саны 348-ге жетті.

Көрме-экспозиция қызметі: реэкспозиция жұмысы. Қазақстан музейлерінің экспозициялары соңғы жылдары жаңа тақырыптармен және заманауи технологиялық мүмкіндіктері бар залдармен толығып келеді. Музей экспозициясын жобалаудағы жаңашылдық, ғалымдардың тың зерттеулері, қоғамның тарих пен өнерге деген қызығушылығы музей экспозициясына жаңа көзқарастың қажет екендігін көрсетті. Уақыт талабына сай келетін музейлік экспозицияны жобалау – күрделі ғылыми-зерттеу жұмысын талап ететін процесс. Қазақстан музейлері бұл үдеден шығу үшін жыл сайын жүзден астам жаңа экспозиция залдарын ашып немесе реэкспозиция жұмыстарын жүргізіп келеді. Сауалнама нәтижелеріне сүйенетін болсақ, 2022 жылы 141 музейде залдарда ішінара немесе толықтай реэкспозиция жүргізсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 146-ға жеткен. Ал жаңадан ашылған экспозиция залдарының саны 2023 жылы 100-ге жетті. Айта өту керек, елдегі 56 музей жаңадан зал ашу кезінде немесе реэкспозиция жұмыстарынан кейін мультимедиалық құрылғыларды пайдалануды қолға алған.

2023 жылы елдегі ең ірі музейлік оқиға ретінде танылған – ҚР Ұлттық музейінде «Палеонтология» залының ашылуы Қазақстан музей ісіндегі тың өзгеріс болды. «Палеонтология» залында Қазақстан аумағынан табылған тираннозавр, үш саусақты гиппарион жылқысы, үлкен мүйізді бұғы, алып мүйізтұмсық (индрикотерий), мамонт секілді ежелгі тарихқа дейінгі кезең жануарлары мен палеонтологтар, геологтар тапқан басқа да тіршілік иелерінің қаңқалары жинақталды. Заманауи зал мультимедиалық құралдармен жабдықталған [«ЕК», 2023: <https://egemen.kz/article/340740-ulttyq-muzeydinh-dganha-eki-zaly>: 21.12.2024].

Музейлерге реэкспозиция жүргізу және жаңа ғимаратқа орналастыруда Батыс Қазақстан облысында қарқынды жұмыс жүріп жатқанын байқауға болады. Сауалнама жүргізілген уақытта «Бөкей ордасы» музей-қорығында Сейтқали Меңдешов музейі, Алма Оразбаева музейі ашылса, Сырым ауданындағы тарихи-өлкетану музейі толықтай жаңарып, жаңа ғимаратқа көшірілген.

Қарқынды реэкспозиция жұмыстары Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалдарында да жүргізілді. Музей басшылығы 2023 жылы Атбасар, Ерейментау, Степногорск қалаларындағы филиалдарына реэкспозиция жұмыстарын жүргізді. Бұл уақытқа дейін облыстық музейдің залдарына да толықтай реэкспозиция жұмысы жасалған.

Осы зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан уақытта Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі реэкспозиция жұмыстарына байланысты 2025 жылдың соңына дейін жабылды. Соңғы рет бұл музейге 13 жыл бұрын реэкспозиция жасалған.

Мониторинг сауалнамасының қорытындысы жыл сайын Қазақстандағы әрбір екінші музейде толықтай немесе ішінара реэкспозиция жұмыстары жүргізілетінін көрсетті. Сонымен қатар, жаңадан ашылатын залдар саны елдегі жалпы музей санына шаққанда орта есеппен үш музейге бір жаңа залдан келетінін байқатты. Терең ізденіске толы ғылыми көзқарас пен көркем шеберлікті талап ететін бұл жұмыс осы қарқынынан таймауы тиіс.

Музейлердің ғылыми-зерттеу қызметі. Музей ісінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу – аса маңызды іс. Музейлік ғылыми-зерттеу жұмыстары музей қорына келіп түскен заттарды зерттеу, экспедициялық зерттеулер жүргізу, жекеленген сұраныстарға байланысты зерттеу және т.б. бірнеше бағыттағы жұмыстарды қамтиды. Қазақстан музейлеріне 2023 жылы жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, музейлерде 635 ғылыми қызметкер жұмыс істейді. Аталған қызметкерлердің ішінде 23 ғылым докторы, 59 ғылым кандидаты немесе PhD бар. Ғылыми қызметкерлердің 210-ы 2022 жылы экспедициялық жұмыстарға қатысса, 2023 жылы Scopus және WoS, БҒСҚК (ККСОН) базасында республикалық музейлер мен музей-қорықтардың ғылыми қызметкерлері 25 мақала жариялаған. Сонымен қатар, конференциялар мен форумдар нәтижесінде

шығарылған жинақтарда және монографияларда, ғылыми-танымдық журналдарда (барлық музейді қоса алғанда) ғылыми қызметкерлердің 450-ден астам мақаласы жарық көрген.

Музей ғылыми қызметкерлерінің ауқымды жұмыстарының бірі – гранттық жобаларды жүзеге асыру. Гранттық жобалар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдардың қаржылай қолдауымен жүргізіледі.


Ұлттық мемлекеттік техникалық сараптама орталығының деректеріне сүйенсек, Қазақстан музейлері 2023 жылы үкіметтік 16 жобаны (іргелі және қолданбалы жобаларды қоса алғанда) аяқтаған. Олардың қатарында «Өзірет-Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығының жерасты мешіттерін музейлендіруге арналған жобасы, ҚР Ұлттық музейінің орта ғасырдағы Қазақстан нумизматикасына және Қазақ хандығының саяси тарихына арналған жобалары, «Бозок» тарихи-мәдени музей-қорығының Сарыарқаның мәдени мұрасына арналған жобасы, «Есік» тарихи-мәдени музей-қорығының «Рахат» археологиялық кешеніне арналған жобасы және ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің Алтын орда дәуіріне арналған жобасы бар [ҰМҒТСО, 2024: <https://www.ncste.kz/kz/informacziya-ro-zavershennyim-nauchnyim-issledovaniyam>: 25.12.2024]. Тізімде көрсетілген музейлердің барлығы – республикалық деңгейдегі музейлер. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты музейлердің арасынан үкіметтік гранттарды иеленіп, ғылыми жобаларды жүзеге асырған дербес музейлер кездеспейді.

Музейдегі реставрациялық жұмыстар көрсеткіші мен реставратор маман тапшылығы мәселесі. Қазақстан музейлері үшін музей заттарын реставрациялау мәселесі өзекті болып келеді. ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, реставрациялауды талап ететін музей заттарының саны 2021 жылы – 53287, 2022 жылы – 48147, 2023 жылы 43397 музей затын құраған. Соңғы үш жылда жылына орта есеппен 5 мыңның шамасындағы музей заты реставрацияланған.

Музейлерде бірінші кезекте реставрациялауды қажет ететін заттардың қатарында қағаз, мата, тері мен киіз және ағаштан жасалған заттар бар. Бұл заттарды реставрациялайтын мамандар тапшылығы айқын сезіліп отыр. Реставраторлар саны орта есеппен 3 музейге 1 реставратордан келеді. Нақты көрсеткішке сүйенсек, еліміздегі 297 музейде 98 реставратор маман ғана жұмыс істейді. Олардың көпшілігі ірі музейлерде қызмет етеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде 8, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде 7, ҚР Ұлттық музейінде 7 және Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығында 6 реставратор маман бар.

Өңірлерде реставратор мамандар негізінен облыстық музейлерде жұмыс атқарады (Сурет 3). Мысалы, Түркістан облысында – 15,5, Шығыс Қазақстан облысында – 11, Жамбыл облысында – 5, Атырау облысында – 4, Ұлытау облысында – 3, Павлодар облысында – 3, басқа облыстық музейлерде 1-2 маманнан ғана бар. Ақмола, Жетісу облыстарындағы облыстық музейлерде реставратор-мамандар кездеспейді.

Суретші-қалпына келтірушілер (реставратор) саны – 98



Сурет 3. Диаграмма. Өңірлердегі реставратор-мамандардың саны

Музейлердегі мәдени-білім беру қызметінің көрсеткіштері. ҚР Ұлттық статистика бюросының 2021-2023 жылдарға арналған мәліметтерінде музейге келушілердің статистикасында жыл сайынғы өсім байқалады [ҚР ҰСБ, 2024: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/>; 20.12.2024]. Қазақстан музейлеріне келушілердің күрт азайған жылы 2020 жылы байқалды. COVID-19 пандемиясына байланысты қалыптасқан ахуалға орай музейге келушілер саны 2 млн 300 мың адамға дейін азайды. Пандемиядан кейінгі жылы бұл көрсеткіш екі есе көбейіп, музейге келушілер саны өсе бастады. Деректерге сүйенсек, 2021 жылы музейлерге 5 млн 104 мың 900 адам, 2022 жылы 6 млн 097 мың 300 адам, 2023 жылы 6 млн 255 мың 900 адам отандық музейлерді тамашалаған.

Қазақстан музейлерінде келушілер үшін ең көп жүзеге асырылатын жұмыстың түрі – музей экскурсиясы. Қалыптасқан тәжірибеде музей экскурсиялары жеке немесе топқа арнап жүргізіледі. Келушілер санының жыл сайын артуына байланысты экскурсиялар саны да соғұрлым көбейіп келеді. Атап айтатын болсақ, 2021 жылы музейлерде 125 мың 430, ал 2022 жылы 166 мың 801, 2023 жылы 179 мың 179 экскурсия жүргізілген.

Музей экскурсиясына келушілердің басым бөлігі қазақ тілінде жүргізілетін экскурсияны таңдайды. Олардың үлесі 74%-тен асқан. Ал орыс тілінде жүргізілген экскурсия саны 20% болса, шет тілдеріндегі экскурсия саны 6%-ті құрайды. Шет тілдеріндегі экскурсиялардың басым бөлігі ағылшын тілінде жүргізіледі. Сирек болса да қытай, түрік тілдерінде экскурсиялар кездеседі. Экскурсияны бірнеше тілде жүргізу ірі республикалық музейлерге тән.

Музейге келушілер әдетте музей экспозицияларын тамашалаумен қатар, музейдің мәдени-білім беру жұмыстарына қатысу үшін де келеді. Бұл бағыттағы жұмыстарға 2023 жылы 2 млн 66 мың 700-ден астам адам қатысқан. Мәдени-білім беру жұмыстарының ішінде дәрістер оқу, мектептермен бірігіп тарих пәні сабақтарын өткізу, үйірмелер ұйымдастыру сияқты дәстүрлі форматтағы шаралар кеңінен тараған. 2022 және 2023 жылдары музейлердегі 228 үйірмеде тұрақты түрде 8075 музейлік бағдарлама жүзеге асты.

Музей ғимараттарының орналасуы, әкімшілік-шаруашылық, кадр және материалдық базамен жабдықталу көрсеткіштері.

Музей ғимараттарының жай-күйі. Еліміздегі музейлердің басым бөлігі лайықталған ғимараттарда орналасқан. Сауалнама нәтижесінде 2023 жылы 91 музей арнайы салынған ғимаратта, ал 195 музей лайықталған ғимаратта орналасқаны белгілі болды. Музейлердің арасында тұрақты ғимараты жоқ 7 музей бар.

Музейлер үшін қайта лайықталған ғимараттардың басым бөлігі - XIX-XX ғасырларда салынған, белгілі бір аумақтық маңызы бар тарихи ескерткіштерге жататын ғимараттар.

Белгілі бір ғимараты жоқ музейлер аудандардағы мәдениет үйлерінде, кітапханалардың ішінде, әкімшілік ғимараттарда орналасқан. Мұндай музейлер Абай, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар облыстарында кездеседі. Музейлердің жалдамалы ғимараттарда орналасуы қор сақтау, экспозиция залдарын ашу, мәдени-бұқаралық шаралар өткізу тәрізді негізгі функционалдық қызметтерін жүзеге асыруына кедергісін келтіреді.

Музейлердің кіріс көзі. Қазақстандағы музейлердің ішінде республикалық музейлер 50-97%, ал жергілікті атқарушы органдарға қарасты музейлер 100%-ке дейін мемлекеттік субсидиямен қамтамасыз етіледі. Толықтай субсидия алмайтын музейлер билет сату, көрме залдарын жалға беру, ақылы ғылыми кеңестер беру, реставрациялық қызметтер көрсету, кәдесыйлар мен баспа өнімдерін сату тәрізді ақылы қызметтер көрсету арқылы субсидиядан қалған бөлігін жабады.

Елдегі музейлердің 232-іне кіру ақылы болса, 61 музейге кіру тегін. Музейлердің ақылы немесе тегін қызмет көрсетуі ұйымдастырылу-құқықтық формасына да байланысты. Көп жағдайда мемлекеттік мекеме ретінде тіркелген музейлер ақылы қызмет көрсетпейді.

Интернетке қолжетімділік. ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, еліміздегі 243 музей үшін интернет қолжетімді [ҚР ҰСБ, 2024: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/>; 20.12.2024]. Сауалнама нәтижесінде 297 музей анықталса, соның 50-інде интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ. Интернетке қосыла алмайтын музейлердің басым бөлігі Ақмола, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Атырау облыстарының облыс орталығынан қашықта орналасқан. Ал Абай, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы музейлер толығымен интернетпен қамтамасыз етілген.

Әлемдік музейлердің тәжірибесінде музей қонақтарына тегін интернет ұсыну жиі кездеседі. Сауалнама жүргізгенде осы әлемдік тәжірибені еліміздің қанша музейі қолданатыны анықталды. Нәтижесінде Wi-Fi жүйесі арқылы еліміздегі 156 музей келушілерге тегін интернет ұсына алатынын көрсеткен.

Интернет ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші. «Қазақстан музейлерінің интернет ресурстарына қосылуы 1998 жылдан басталады. Осы жылы Қазақстанда тек бір ғана музейде, яғни ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғана интернетте жеке ресурсы болды. Ал 2000 жылы бұл көрсеткіш 2 музейге жетіп, қатарға Павлодар облыстық бейнелеу өнері музейінің сайты қосылды. Музейлердің интернет ресурстарда сайттарын ашу жұмысы 2008-2016 жылдары қарқынды жүрді» [Жолбарыс, 2018: 57-60].

Уақыт талабына сай қызмет ету үшін интернет ресурстардың маңызы зор. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, музейлердің интернет ресурстарын игеруі қарқынды дамып келеді. Мысалы, 2023 жылы ресми сайты бар музейлердің саны 136-ға жеткен. 2018 жылы 89 музейде ғана сайт болған. Соңғы 5 жылдың ішінде 47 музейде сайт ашылған.

Музейлердің әлеуметтік желілерді игеру жұмысына тоқталатын болсақ, Instagram – 366 263, Facebook – 453 637, Tik-tok – 108 463 қолданушы Қазақстан музейлерінің парақшаларына жазылған.

Instagram парақшасында ең көп жазылушысы бар Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – 21 865, Facebook парақшасында көп жазылушысы бар музей ҚР Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі – 9 700, Tik-tok парақшасында ең көп

жазылушысы бар музей «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы – 48 900 жазылушыны қамтиды.

Музей кадрларының әлеуметтік құрамы. Қазақстан музейлеріне жүргізілген сауалнама нәтижесінде, музейлерде 5755 қызметкер жұмыс істейтіні анықталды. Олардың ішінде 4091 қызметкер музейдің негізгі қызметін жүзеге асыратын мамандар: қор сақтаушылар, экспозиция мамандары, мәдени-білім беру қызметіндегі экскурсия жетекшілері мен музей педагогтары, әдіскерлер, зал караушылар, музейдің маркетинг және менеджмент бағытындағы мамандары, реставраторлар, суретшілер, ғылыми қызметкерлер және т.б.

Негізгі қызметті жүзеге асыратын мамандардың ішінде 35 жасқа дейінгі мамандар саны – 1099, 36-50 жас аралығындағы мамандар саны – 1537, 50-63 жас аралығындағы мамандар саны – 1144, зейнет жасындағы мамандар саны – 311.

Сонымен қатар, музейлерде шетелде білім алған 35 маман жұмыс істейді. Олардың 7-уі ҚР Үкіметінің «Болашақ» бағдарламасы арқылы, 28 маман шетелдік гранттар немесе жеке қаражаттарына шетелде білім алған.

Қазақстан музейлері үшін *біліктілік арттыру* жұмыстары шетелдің немесе отандық музейлердің базасында жүзеге асады. Орта есеппен жыл сайын музей мамандарының 12%-і біліктілігін арттырады. Мысалы, 2023 жылы 4091 маманның 482-сі біліктілік арттыру курстарынан өткен. Олардың ішінде 60 маман шетел музейлері ұйымдастырған курстарға қатысқан.

Музейлердегі цифрландыру жұмыстары. Қазақстан музейлерінің қызметіндегі маңызды жұмыстардың бірі – цифрландыру. Музей ісіндегі цифрландыру жұмыстарын қор сақтауды цифрландыру және музейдің әкімшілік-шаруашылық қызметтерін цифрландыру деп қарастыруға болады.

Қор сақтаудағы цифрландыру жұмыстары нәтижесінде компьютерлік бағдарламаларға 288 мың 995 музей заты енгізілген. Бұл заттар негізінен «Музей», «Сақтау», «Музеолог» тәрізді компьютерлік бағдарламаларға енгізілген.

Музей заттарын цифрландыру көрсеткіші ҚР Ұлттық статистика бюросы 2023 жылға арнап жариялаған мәліметте 514 мың 228-ге жеткен.

Музейдегі қор заттарын цифрландырумен қатар әкімшілік-шаруашылық қызметтерді де цифрландыру жұмысы жүргізіледі. Олардың қатарында әзірге музейге келушілермен кері байланыс жасау бағдарламасы және музейге кіру билетін онлайн сату жұмыстары бар. Бұл орайда ҚР Ұлттық музейінің билет сатуды онлайн жүзеге асыру тәжірибесін атап өтуге болады. Музейдің 2023 жылғы есебінде 6 млн 330 мың 100 теңге болатын билеттер онлайн сервистер арқылы сатылған. Аталған музейде келушілермен цифрлық платформалар арқылы кері байланыс жасау жүйесі де жолға қойылған. Арнайы бағдарламадағы QR код арқылы музейге келушілер пікір қалдырып, ол музейдің маркетингтік зерттеулеріне пайдаланылады [ҚР ҰМ, 2023: 106].

Мониторинг нәтижесінен туындаған ұсыныстар.

Жаңа бейіндегі музейлер ашу қажеттілігі. Мониторинг кезінде жүргізілген сауалнама нәтижесіне қарап, елде жыл сайын 5-10 музей ашылатынын байқауға болады. Олардың бейіндері негізінен тарихи-өлкетану, әдеби-мемориалдық болып келеді. Осы орайда шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, жаратылыстану, медицина, салалық-өндірістік тақырыптарды қамтитын музейлерді де ашу ісін қолға алу қажеттілігі туындайды. Мұндай музейлер қазіргі жоғары оқу орындары мен ірі кәсіпорындар жанынан корпоративтік музей ретінде ашылған. Алайда бұл музейлердің экспозициялары көпшілік үшін қолжетімді бола бермейді. Осындай музейлердің базасын пайдалана отырып, өңірлерде жаңа музей ашу қажеттігі сезіледі.

Отандық музейлердің қорын «Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы» ережеге сәйкес түгендеу жұмыстарын жүргізіп, қор сапасын талдау қажеттігі байқалады.

Әсіресе, облыс орталықтарындағы музейлердің қорын қайта қарап, жаңа музейлер ашуға мүмкіндік беретін музейлік коллекцияларды анықтау – уақыт талабы. Облыс орталықтары тарихи, тарихи-өлкетану музейлерімен шектелмей, өнертану тобындағы (бейнелеу өнері, кино және театр, музыка) және жаратылыстану музейлерімен толығырақ түссе, тұрғындардың мәдени өмірге қатысу көрсеткіші артатыны сөзсіз.

Музей штатына реставратор-маман қажеттілігі. Музей қорын реставрациялау мәселесі де бүгінгі күні өзекті болып отыр. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығына сәйкес бекітілген штат үлгісінде облыстық тарихи-өлкетану музейлері үшін реставратор лауазымы қарастырылмаған [«Әділет», 2015: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012224>: 21.12.2024]. Облыстық тарихи-өлкетану, бейнелеу өнері музейлерінің мамандары аталған бұйрыққа өзгеріс енгізіп, реставрация бөлімін ашуды немесе реставратор маман штатын қарастырғанын қалайды.

Музейдегі көрме жұмысы: саннан сапаға. Мониторинг жүргізу кезінде музейлерде өтетін көрмелер саны жыл сайын көбейіп отыратыны байқалды. Соңғы есепке сүйенсек, жылына өтетін көрме саны 1 музейге 28 көрмеден келеді. Сан жағынан көрсеткіш жақсы болғанымен, сапа жағынан көрмелердің мазмұны сын көтермейді.

Музейлер қорынан өткізілетін көрмелердің басым бөлігі науқандық шараларға арналмай, ғылыми ізденістің нәтижесінен туындауы тиіс. Көрмелердің санынан гөрі сапасы маңызды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінен туындаған көрмелер республикалық музейлерде ғана өткізіледі. Өңірлерде көрмелердің басым бөлігі облыстық маңызы бар шараларда қосымша іс-шара ретінде өткізілген немесе мереке күндерін атап өтуге арналған. Белгілі бір тақырыпты зерттеп, соның нәтижесінде жасалған көрмелер өте сирек кездеседі. Бұл орайда Қазақстан музейлеріне Еуропа және АҚШ музейлеріндегі кураторлық жобаларды енгізу қажет. Батыс елдерінің тәжірибесінде көрме кураторлары «куратор-ғалым», «куратор-автор», «куратор-қор сақтаушы», «куратор-әкімші-ұйымдастырушы» рөлдерінде болып, нәтижесінде «супер кураторға» айналып, сапалы көрмелер көпшілікке ұсынылады [Джордж, 2017: 14-26].

Музейдегі реэкспозиция: уақыт талабына сай реэкспозиция болу керек.

Музейлерде жүргізілетін реэкспозиция жұмыстары заманауи талаптарға сай болуы үшін кәсіби мамандардан тұратын көркемдік кеңестерде талқылауды талап етеді. Көп жағдайда музейдегі реэкспозициялар көне витринаны жаңарту, жаңа жөндеу жұмысын жүргізудің айналасында қалады. Экспозицияларда жаңа дизайн, шетелдік озық тәжірибелерді енгізу, мультимедиалық құрылғыларды орынды қолдану жұмысы кенжелеп отырғанын байқау қиын емес. Музей экспозициясы мазмұны мен эстетикалық жағынан келушілерді қызықтыра алатындай дәрежеде болуы тиіс.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысы: өңірлердегі музейлердің зерттеу жұмысын қолдау қажет. Музейлерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу де өзекті болып отыр. Республикалық музейлер аккредитациядан өтіп, қажеттілігіне қарай лицензиялар алып, ғылыми жобалармен айналыса алады. Облыстық, қалалық-аудандық музейлер үшін мұндай мүмкіндіктер қолжетімді емес. Музейлер де басқа ғылыми ұйымдар тәрізді ғылыми-зерттеу субъектісі атануы үшін штатында ғылыми дәрежесі бар ғалымдардың болуы, белгілі бір деңгейдегі процентиль көрсеткіші бар басылымдарда мақалалардың жариялануы және т.б. талаптарды орындауы тиіс. Тарих, музей ісі, археология немес этнография саласында зерттеулер жүргізетін ғалымдар өңірлерде сирек кездеседі.

Жергілікті уәкілетті органдар облыстық, қалалық-аудандық музейлердің зерттеушілік жұмыстарына қолдау білдіріп, өлкетану, өңірдегі әдебиет, өнер тақырыптарындағы жобаларға гранттар беру тәжірибесін енгізуді қарастырса, өңірдегі музей мамандарының зерттеушілік жұмыстарына қолдау болар еді.

Музейдің мәдени-білім беру жұмысы: экскурсия жетекшісінен музей педагогына дейін. Музей экскурсиясы терең білім мен шеберлікті қажет етеді. Ресей, Беларусь, Эстония

елдерінің тәжірибелерінде музейдегі экскурсия жетекшілері баяндаушы рөлінен музей педагогы, музей медиаторы тәрізді уақыт талабына сай келетін бағыттарда жұмыс істейді.

Қазақстан музейлерінде *музей педагогикасы* ҚР Ұлттық музейі мен ҚР Мемлекеттік орталық музейінде жолға қойылған. Өңірлердегі музейлерде музей педагогикасына арналған бөлімдердің болмауына байланысты музейдің педагогикалық бағыттағы жұмыстары лайықты деңгейде жүргізілмейді. Музейлер үшін маңызды бағыттағы бұл жұмысты қолға алу үшін ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы» бұйырығына «музей педагогы» лауазымын қосу қажет.

Қазақстан музейлерінің әрбір үшінші қонағы балалар екенін статистикалық көрсеткіштер де анықтап беріп отыр. Балаларға арналған музейлік креативті бағдарламалар ұйымдастыру арқылы музейді балалар шығармашылығының орталығына айналдыру маңызды.

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, музейге келушілер көрсеткішін 2029 жылға қарай 20%-ке ұлғайту көзделген [«Әділет», 2023: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000250#z18:24.12.2024>]. Келушілер көрсеткішін арттыру үшін музейдегі педагогикалық жұмыстарға қажетті кадр мәселесі, қайта даярлау тәрізді проблемалары да шешілуі тиіс.

Музей кадрларын дайындау – бүгінгі күннің өзекті проблемасы. Қазақстанда музей ісіне кадр дайындайтын 3 жоғары оқу орны бар. Олар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті және А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті. Аталған университеттерде оқитын білім алушылардың саны көп емес. Оқу топтарындағы білім алушылар саны 2-5 аралығында болып келеді. Білім алушылардың санының аздығынан осы уақытқа дейін музей кадрларын дайындап келген М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі «музейтану және ескерткіштерді қорғау» мамандығы жабылды.

Кадр проблемасын шешу үшін «музейтану» мамандығына креативті көзқарас қажеттігі туындап отыр. Мамандықты оқытатын білім беру бағдарламасының мазмұнын қайта қарап, жұмыс берушінің сұранысын ескеріп, өзекті пәндерді енгізу – уақыт талабы.

Қорытынды. Мониторинг жұмысын жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың мәдениет басқармаларына 22 сұрақтан тұратын сауалнама жолданған болатын. Сауалнама сұрақтарының нәтижесінде музейлердің белгілі бір аумақтағы халық санына шаққандағы үлесі, музейлердің бейіні, музейге арнап салынған ғимараттардың саны, интернет ресурстарға қолжетімділігі, кадр құрамы, музей қоры, реставрация мәселелері, цифрландыру жұмыстары, ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындылары, көрме-экспозициялық жұмысы, мәдени-білім беру қызметі тәрізді бірнеше бағыттағы музей жұмыстарының көрсеткіштері белгілі болды.

Айта өту керек, осы уақытқа дейін Қазақстан музейлері туралы мониторинг дайындаған уақытта тек ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен облыстық басқармалар мен қалалық, аудандық мәдениет бөлімдеріне қарасты музейлер ғана есепке алынатын. Сауалнама жүргізгенде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен басқа министрліктерге қарасты музейлер де қамтылды.

Сондай-ақ, сауалнама жүргізу кезінде филиал ретінде жұмыс істеп жатқан музейлердің басты музейі ғана бір мекеме ретінде тізімге алынып, филиалдары көп жағдайда есепке алынбайтынын анықталды. Сонымен қатар, кейбір музейлер мәдени орталықтардың құрамында болып, музей ретінде тізімге алынбай қалатын жағдайлары да кездесті. Сауалнамаға берілген жауаптарды талдай отырып, жұмыс тобы мұндай қателерді түзетті.

Қазақстан музейлерінің қызметіне тұрақты түрде белгілі бір аралықпен мониторинг жүргізу маңызды. Мүмкіндігінше әр 3 жыл сайын мониторинг жүргізіп, қорытындысын мақала көлемінен ұлғайтып, кең көлемді ақпараттық бюллетень етіп шығару арқылы Қазақстан музей ісінің даму бағдарын айқындауға болады.

ӘДЕБИЕТ

Джордж Э. Справочник куратора. Перевод Шеставков А. Москва, Ад Маргинем, 2017. 352 стр.

Жолбарыс Н. Интернет-ресурсы в музейном деле Республики Казахстан // Молодежный вестник СПБГИК. 2018. №2 (10). С. 57-60.

Ибраева А.Ф. Қазақстан музейлері: тарих және тағылым. Астана, 2012.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің 2023 жылға арналған жылдық есебі // Астана. 2024.

Кайназарова А.К. Музейное дело в Казахстане (1831-1925 гг.): автореф. ... к.и.н. Алматы, 1995. 24 с.

Кожаметов Б., Сафарова Д., Усманова Э. Музеи Казахстана в XXI веке. Анализ ситуации // Гороховские чтения: материалы первой региональной музейной конференции. Отв.ред.: Н.О. Иванов. Челябинск, 2010. С. 95-128.

Сапанжа О.С. Классификация музеев и морфология музейности: структура и динамика // Санкт-Петербург. Вопросы музеологии. 2012. № 1 (5).

Столяров Б.А. Музей в пространстве художественной культуры и образования. СПб., 2007. С. 85.

Тайман С.Т. Қазақстанда мұражай жүйесінің дамуы: тәжірибелер және проблемалары (1946-1970 жж.): т.ғ.к. ... автореф. Қарағанды, 1999. 28 б.

Файзуллина Г.Ш. Музеология как наука: казахстанские реалии // Journal of history. №1 (96). 2020

Файзуллина Г.Ш., Асанова С.А. Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики. Алматы: «Университет «Туран», 2022. 344 с., илл.

Файзуллина Г., Асанова С., Джасыбаев Е. Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения: Сб. ст. Saarbrücken: Lap Lambert Academic Publishing, 2012. 306 с.

Юренева Т. Ю. Музееведение: учебник для подготовки кадров высшей квалификации. М.: Институт Наследия, 2020.

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР

2023 жылы аяқталған ғылыми зерттеулер туралы ақпарат [Электронды ресурс] «ҰМҒТСО» сайты. – 2024: – Алматы. – 2024. Қолжетімді режим <https://www.ncste.kz/kz/informacziya-po-zavershennyim-nauchnyim-issledovaniyam> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Мәдениет статистикасы [Электронды ресурс] ҚР ҰСБ 2024. – Электронды мәлімет – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/> (қаралған күні желтоқсан, 2024);

Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы [Электронды ресурс] «Әділет» базасы. – 2011: – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000076> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Ұлттық" мәртебе берудің қағидасы мен шарттарын бекіту туралы [Электронды ресурс] «Әділет» базасы. – 2011: – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000076> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Кутушева М. Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы [Электронды ресурс] KAZMUSEUM.KZ. 2024. – Электронды мәлімет – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2353-zha-gir-khanny-karu-zharak-palatasy> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электронды ресурс] «Әділет» базасы. – 2011: – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000250#z18> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Сейсембек А. Какие музеи Казахстана получают статус национальных [Электронды ресурс] ИНФОРМБЮРО. 2024. – Электронды мәлімет – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://informburo.kz/novosti/kakie-muzei-kazakhstan-polucata-status-nacionalnyh> (қаралған күні: желтоқсан, 2024);

Ұлттық музейдің жаңа екі залы [Электронды ресурс] «Егемен Қазақстан» газетінің сайты. 2024: – Астана. – 2024. Қолжетімді режим <https://egemen.kz/article/340740-ulttyq-muzeydinh-dganha-eki-zaly> (қаралған күні: желтоқсан, 2024).

REFERENCES

George E. Spravochnik kuratora. Perevod Shestavkov A. Moskva, Ad Marginem, 2017. 352 p. (In Russian)

Zholbarys N. Internet-resursy v muzejnom dele Respubliki Kazakhstan // Molodzhenyj vestnik SPbGİK. 2018. №2 (10). pp. 57-60. (In Russian)

Ibraeva A.G. Qazaqstan muzejleri: tarih zhane tagy`ly`m. Astana, 2012. (In Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Ultyq muzejinin 2023 zhyлга арналған zhyldyq esebi // Astana. 2024. . (In Kazakh)

Kajnarova A.K. Muzejnoe delo v Kazakhstane (1831-1925 gg.): avto-ref. ... k.i.n. Almaty`, 1995. 24 p. (In Russian)

Kozhaxmetov B., Safarova D., Usmanova E. Muzei Kazakhstana v XXI veke. Analiz situacii // Gorohovskie chteniya: materialy` pervoj regional`noj muzejnoj konferencii. Otv.red.: N.O. Ivanov. Chelbinsk, 2010, pp. 95-128. (In Russian)

Sapanzha O.S. Klassifikaciya muzeev i morfologiya muzejnosti: struktura i dinamika // Sankt-Peterburg. Voprosy muzeologii. 2012. № 1 (5). (In Russian)

Stolyarov B.A. Muzej v prostranstve hudozhestvennoj kul`tury i obrazovaniya. SPb., 2007, p. 85. (In Russian)

Tajman S.T. Qazaqstanda murazhaj zhyjesinin damuy: tazhiribeler zhane problemalary (1946-1970 zhzh.): t.g.k. ... avto-ref. Qaragandy, 1999. 28 p. (In Kazakh)

Fajzullina G.Sh. Muzeologiya kak nauka: kazakhstanskіe realii // Journal of history. №1 (96). 2020 (In Russian)

Fajzullina G.Sh., Asanova S.A. Muzejnoe delo Kazakhstana: voprosy istorii i praktiki. Almaty: «Universitet «Turan», 2022. 344 p., ill. (In Russian)

Fajzullina G., Asanova S., Dzhasybaev E. Sovremennyj muzej v Kazakhstane: voprosy, fakty, mneniya: Sb. st. Saarbrücken: Lap Lambert Academic Publishing, 2012. 306 p. (In Russian)

Yureneva T.Yu. Muzeevedenie: uchebnik dlya podgotovki kadrov vysshej kvalifikacii. M.: Institut Naslediya, 2020. (In Russian)

ELECTRONIC RESOURCES

2023 zhyly ayaqtalğan gylymi zertteuler turaly aqparat [Elektronды resurs] «UMGTSO» sajty. – 2024: – Almaty. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://www.ncste.kz/informacziya-po-zavershennyim-nauchnyim-issledovaniyam> (qaralğan kuni: zheltoqsan, 2024);

Mәdeniet statistikasy [Elektronды resurs] QR USB 2024. – Elektronды malimet – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/> (qaralğan kuni zheltoqsan, 2024);

Madeniet uymdary zhelisinin en tomen memlekettik normativterin zhane oblystyq, respublikalyq manyzy bar qalanyn, astananyn, audandyk, oblystyq manyzy bar qalalardyn, selolyq dengejlerdegi memlekettik madeniet uymdarynyn ulgilik shtattaryn bekitu turaly [Elektrondy resurs] «Adilet» bazasy. – 2011: – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000076> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024);

Memlekettik madeniet uymdaryna, zhekelegen kasibi korkem, shygarmashylyq uzhymdarga "Ulttyq" martebe berudin qagidasy men sharttaryn bekitu turaly [Elektrondy resurs] «Adilet» bazasy. – 2011: – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000076> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024);

Kutusheva M. Zhangir hannyn qaru-zharaq palatasy [Elektrondy resurs] KAZMUSEUM.KZ. 2024. – Elektrondy` malimet – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2353-zha-gir-khanny-karu-zharak-palatasy> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024);

Qazaqstan Respublikasy madeni sayasatynyn 2023 – 2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyn bekitu turaly [Elektrondy resurs] «Adilet» bazasy. – 2011: – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000250#z18> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024);

Sejsembek A. Kakie muzei Kazakhstana poluchat status nacionalnyh [Elektrondy resurs] INFORMBYURO. 2024. – Elektrondy malimet – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://informburo.kz/novosti/kakie-muzei-kazaxstana-polucat-status-nacionalnyx> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024);

Ulttyq muzejdin zhana eki zaly [Elektrondy resurs] «Egemen Qazaqstan» gazetinin sajty. 2024: – Astana. – 2024. Qolzhetimdi rezhim <https://egemen.kz/article/340740-ulttyq-muzeydinh-dganha-eki-zaly> (qaralghan kuni: zheltoqsan, 2024).

Авторлар туралы мәлімет: Жолбарыс Нұрсерік – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің ғылыми қызметкері (0580051, Самал-1/44, Алматы қ., Қазақстан), музейтанушы. E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Қалнияз Бақытжан – ҚР Ұлттық музейі Қазақстан музейлерін дамытуды үйлестіру-әдістемелік орталығының жетекшісі (010000, Тәуелсіздік даңғылы 54, Астана қ., Қазақстан). E-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru

Жайлыбаев Дәулет – музей ісінің маманы, этнолог (641010, Шучье кенті, Ақмола облысы, Қазақстан). E-mail: daulet_87@bk.ru

Сведения об авторах: Жолбарыс Нурсерик – научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан, (0580051, Самал-1/44, г. Алматы, Казахстан), музеолог. E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Қалнияз Бақытжан – руководитель Координационно-методического центра по развитию музеев Казахстана Национального музея Республики Казахстан (010000, проспект «Тәуелсіздік», 54, г. Астана, Казахстан). E-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru

Жайлыбаев Даулет – музейный сотрудник, этнолог (641010, Шучье, Ақмолинская область, Казахстан). E-mail: daulet_87@bk.ru

Information about the authors: Zholbarys Nurserik – research worker of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, museologist. The Republic of Kazakhstan, 05005, Almaty, Samal 1, 44. E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Kalniyaz Bakytzhan – Head of the Coordination and Methodological Center for the Development of Museums of Kazakhstan of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, museologist, ethnologist, the Republic of Kazakhstan. 010000, Astana, Tauelsizdik Avenue, 54. E-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru

Zhailybayev Daulet – museum employee, ethnologist. Republic of Kazakhstan. 641010, Akmola region, Shuchye city. E-mail: daulet_87@bk.ru

Авторлар ұжымы осы мақаланы дайындау үшін сауалнама жауаптарын бірінші кезеңде өңдеуге қатысқан ҚР Ұлттық музейі Қазақстан музейлерін дамытуды үйлестіру-әдістемелік орталығының қызметкерлері – Роза Нүсіпқалиеваға, Өркен Бекетаевқа, Жалғас Иманбаевқа, Қуанышкүл Қабыловаға алғысын білдіреді.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.12.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 05.12.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 09.12.2024.